МЕМОРАНДУМ № 1

# «ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ЖШС «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ» АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

«12» сәуір 2023 ж.

Алматы қ.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы – Ректор Ж.Қ.Түймебаев, және «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры М.Б. Сейсенбек, бірге «Тараптар» деп аталатын осы Ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

## 1-бап

1.1. Осы Меморандумның мақсаты білім және ғылыми зерттеулер саласындағы сенім мен өзара сыйластық қағидатына негізделген ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға ұмтылу болып табылады.

## 2-бап

2.1. Тараптар қызметті жүзеге асыру арқылы білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға келісімін білдіреді, бірақ олармен шектелмейтін, төмендегілерді қамтуы мүмкін:

2.1.1. Теория мен практиканың өзекті мәселелері бойынша бірлескен ғылыми жобаларды ұйымдастыру;

2.1.2. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу бойынша тәжірибе және жүргізіліп жатқан жұмыстың ең маңызды нәтижелері туралы ақпарат алмасу;

2.1.3. Басылымдар мен материалдармен алмасу;

2.1.5. Жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелері бойынша бірлескен ғылыми еңбектерді дайындау және басып шығару;

2.1.6. Өзара қызығушылық тудыратын тақырыптар бойынша жетекші сарапшыларды (ғылым докторлары, академиктер мен кандидаттар) тарта отырып, дәрістер/семинарлар өткізу. Дәріс/семинарларды өткізу тәртібі тараптар арасында жасалған тиісті келісімдермен реттеледі;

2.1.7. Студенттер, оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлер арасындағы ынтымақтастықтың басқа да нысандары осы Меморандум шеңберінде жасалған кейінгі келісімдерге сәйкес орындалады.

2.1.8. Тараптар тәжірибе алмасу мақсатында студенттер, магистранттар, докторанттар және оқытушылар құрамына тағылымдамаларды ақысыз ұйымдастыру;

## 3-бап

3.1. Бірлескен жобаларды іске асыру, тапсырмаларды бөлу, орындау мерзімдері және есеп беру, сондай-ақ зияткерлік меншік мәселелері бойынша Тараптар жобаларды іске асыру бойынша Тараптардың құқықтық және қаржылық міндеттемелерін белгілейтін жеке бөлек келісімдер жасасуға тиіс. Осы Меморандум арнайы жобалар мен міндеттемелерді іске асыру барысында қажетті келісімдер мен шарттар жасасу үшін негіз ретінде пайдаланылады.

МЕМОРАНДУМ № 1

**4-бап**

4.1. Меморандум заңды күші бар міндетті құжат болып табылмайды және Тараптар үшін ешқандай заңды міндеттемелерді тудырмайды.

4.2. Тараптар Меморандумды және/немесе Меморандум бойынша кейінгі келісімдерді қолдануға, түсіндіруге немесе іске асыруға қатысты олардың арасында туындауы мүмкін кез келген дауларды келіссөздер арқылы шешуге ұмтылатын болады.

4.3. Осы Меморандум аясында ынтымақтаса отырып, Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтайды.

**5-бап**

5.1. Меморандум қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл (5 жыл) мерзімге жасалады.

5.2. Тараптардың әрқайсысы осы Меморандумды тоқтатуға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлау арқылы осы Меморандумды мерзімінен бұрын тоқтата алады. Ішінара тоқтатылған жағдайда мұндай хабарламада осы Меморандумның алынып тасталған тармақтары туралы ақпарат болуы тиіс.

5.3. Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша түрде ресімделген және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы арқылы оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5.4. Осы Меморандумның қолданылуын тоқтатылған жағдайда, Тараптар жасаған шарттар мен келісімдер бойынша Тараптардың міндеттемелерін жоймайды.

5.5. Меморандум әрбір Тарап үшін мемлекеттік тілде 2 данада жасалды.

| | |
|---|---|
| **«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ**<br>БСН 990140001154<br>050040, Алматы қ.<br>әл-Фараби даңғылы, 71 | **«Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС**<br>БСН 081240009255<br>050010, Алматы қ.<br>Айтеке би, 206 |
| **Басқарма Төрағасы – Ректор** | **Директоры** |
| ______________ **Ж.Қ. Түймебаев** | ______________ **М.Б. Сейсенбек** |